



Су ресурстарын басқару: Франциялық тәжірибе

Еліміздің сарапшылары су ресурстарын басқару бойынша шетелдік тәжірибеден өтті. Үш күнге жалғасқан семинар «Орталық Азиядағы жерасты суларын басқару және климаттың өзгеруі» жобасы аясында ұйымдасты-

Қазақстандағы жаңа серіктес ретінде қарсы алатынымызға өте қуаныштымын,—деді Францияның Қазақстандағы елшілігінің өкілі Алекс Бортолан.

—Орталық Еуропалық одақ деңгейінде, көптеген жыл



рылды. Іс-шарада мамандар Францияда да, халықаралық деңгейде де белгілі бір аумақтағы су ресурстары туралы деректерді басқару мәселелерін, инновациялық технологияға негізделген жоспар жасаудың қыр-сырын меңгерді.

Елордада өткен іс-шараға Францияның Қазақстандағы елшілігі мұрындық болды. Басты мақсат — Франциялық тәжірибенің мысалында жерасты сулары туралы мәліметтерді жинау, басқару және пайдалану мәселелерін кең аудиторияға оқыту және түсіндіру.

—Біз 2015 жылы қабылданған Париж климаттық келісімінің орындалу барысы үшін белгілі бір дәрежеде жауапкершілікті сезінеміз. Франция мен Қазақстан әртүрлі климаттық және географиялық жағдайларға тап болғанына қарамастан, екі елдің Үкіметтері су ресурстарын тұрақты басқаруды қамтамасыз етудің ортақ міндетіне ие. Бірнеше күн бұрын Франция президенті Э.Макрон климат өзгеруінің қиындықтарына бейімделу үшін суды басқару саясатын қайта қарауға бағытталған бірқатар шараны қамтитын жоспарды ұсынды. Бұл жоспарды әзірлеу кезінде инновациялық шешімдерді, әсіресе су ресурстарын басқару саласында ұсынатын Франциялық тәжірибе пайдаланылды. Геологиялық және тау-кен зерттеулеріне маманданған BRGM мемлекеттік мекемесі жерасты ресурстарын басқаруда сарапшы ретінде танылған және халықаралық ынтымақтастықта мол тәжірибесі бар. Мен осы жоба аясында BRGM-ді (Геологиялық және тау-кен зерттеу бюросы)

бойы BRGM зерттеу бағдарламаларына қатысады, мемлекеттік саясатты дамытуға және халықаралық ынтымақтастыққа қолдау көрсетеді, осылайша көптеген берік әріптестік қатынастарды қалыптастырамыз,— деді ол.

Жалпы су ресурстары — шектеулі табиғи байлық, оларды ұтымды басқару адамзат үшін маңыздылығын жылдан-жылға арттырмаса, кемімейді. Өйткені Қазақстан әлемде сапалы сумен қамтамасыз етудің қолжетімділігі бойынша 70-орында тұр. Еуразия құрлығында тіршілік көзі тапшы елдердің көш басында келеді. Ал Азияда 8-орында. Ел аумағының 2,8%-ында ғана ашық су қоры болса, үштен екі бөлігін құрғақ аймақтар құрайды. Яғни Қазақстан «суға тәуелді» елдердің тобына жатады. Тіпті Дүниежүзілік банктің бағалауына, 2030 жылға қарай әлемдегі тоғызыншы территорияда су ресурстарының көлемі жылына 90-нан 76 текше метрге дейін, яғни 15%-ға азаяды. Бұған қоса БҰҰ-ның болжамы бойынша 20 жылда Қазақстанда су тұтынуы 56 пайызға артады деп болжанып отыр. Демек қазір ресурстарды тиімді үйлестіру және жедел зерттеу су сарапшылары үшін маңызды деген сөз. Бұл ретте шетелдік объективті мәліметтер мен заманауи жоғары технологияларға негізделіп құрылған жоспарлар сапалы ауыз суға қол жеткізу мәселесін жүйелендіруге өз ықпалын тигізбек. Осылайша, Maqsut Narikbayev University атынан басқарма төрағасының орынбасары Айнұр Кәрібозова іс-шараны ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлттық қор-болашақ ұрпақтың қаржысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қор болашақ ұрпақтың еншісі екенін айтты.

«Ұлттық қорға жармаса беруді доғару қажет. Мен бұл туралы осыған дейін де талай рет айттым. Ұлттық қор — болашақ ұрпақтың қаржысы. Біз оның ресурсын қажет кезде, дағдарыс кезінде ғана пайдалануымыз керек. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік институтын және жан басына қаржыландыруды, әсіресе әлеуметтік инфрақұрылымға инвестиция тартуды толық пайдалану керек», деді Мемлекет басшысы. Тоқаев былтыр желтоқсан айында жаңа

МЖӘ (Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік) үлгісін енгізуге бағытталған заңнамалық түзетулерге қол қойғанын еске салды. Жеке серіктестерді таңдауда ашықтықты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданып, квазимемлекеттік кәсіпорындардың қатысуы шектелген.

«Осылайша бизнесті мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруға тартуға жағдай жасалды. Бұл құралды жаңа ұлттық жобаларды жүзеге асыруда барынша пайдалану керек. Үкіметке әлеуметтік саладағы МЖӘ көшенді бағдарламасын дайындауды тапсырамын», деді Президент.

Қазақстан мұнайы Жерорта теңізіне шығарылды

Өткен жылғы шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен бірқатар ұлттық компания басшыларының қатысуымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өткізген болатын. Онда берілген негізгі тапсырманың бірі — мұнай жеткізу бағыттарын әртарапандыру.

Басты назардың нақ осы мәселеге аударылғаны қисынды: әлемдегі күрделі геосаяси жағдай мен санкциялық қысымның күшеюінен көптеген көлік-логистикалық бағыт үзіліп, ал жаңа қақты-

Содан кейін Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы Қазақстан мұнайын жеткізу мәселесі Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың тамызында Бакуге сапары кезінде талқыланды. Екі елдің Президенттері бұл мәселе бойынша келісімге келіп, оны ірі ұлттық мұнай компаниялары — «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және Socar деңгейінде пысықтауға бастама берді.

Президент тапсырмасы көп күттірмей орындалды. 2022 жылдың қарашасында аталған компаниялар арасында

қарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің бізге білдірген пікірінде компанияға үлкен жауапкершілік артылғанын атап өтті. «Бұл — еліміз үшін үлкен жетістік. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау кезінде компания жобаны іске асырудағы үлкен жауапкершілікті сезінді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл бағытты игеру отандық экономикаға зор пайда әкелетініне сенімдіміз. Мұның өзі қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізері сөзсіз», деді ҚМГ басшысы.



ғыстар қаупі жаһанда қалыптасқан жағдайдың келешегінде белгісіздік тудырды.

Аталған жиында ел Президенті: «Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланған емес. Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде стратегиялық міндет жүктедім. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін», деп атап айтты.

жыл сайын 1,5 млн тонна көлемінде Ақтау-Баку-Джейхан бағыты бойынша мұнай транзиті туралы бесжылдық келісімге қол жеткізілді, ал биыл наурыз айында Ақтау портынан алғашқы мұнай партиялары жөнелтіле бастады.

Ал өткен сенбіде «ҚазМұнайГаз»-дың еншілес ұйымы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК ЖШС-не тиесілі отандық «ALATAU» танкері Джейхан портынан алғашқы 80 мың тонна мұнайды тиеспен алып, сапарға шықты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бас-

Отандық мұнайды тиеген «Alatau» танкері румыниялық Констанца портына бағыт алғанын айта кету керек. Жеткізілген өнім ҚМГ-нің Румынияда орналасқан «Petro-midia» мұнай өңдеу зауыты үшін қажеттіліктеріне жұмсалатын болады.

Осы тарихи оқиғаға орай, отандық мұнай-газ саласының жаңа даму кезеңі басталды деуге болады: әлемдік мұхитқа шығар жолы жоқ еліміз өз шикізатын жеткізу үшін алыс теңіз кеңістігін игеруде елеулі қадам жасады.

БІЛІМ БАСТАУЫ – ТӘРБИЕ

Ұлы ғұлама Әл-Фарабидың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген нақыл сөзін барлығымыз білеміз. Ақпарат нөпірі тасқын секілді толассыз болып, идеология басты соғыс құралына айналған қазіргі заманда ұлт болашағы-жастар мен жасөспірімдер үшін тәрбиенің маңызы зор. Білім ошағы мектепте де білімнің бастауы – тәрбие процесінің орны

би және сурет бағыты бойынша ақылы үйірме жетекшілері оқушылармен жұмыс жасауда. Спорт үйірмелеріне қатысатын оқушыларымыз да аудандық біріншілікте жүлдегер және жеңімпаз атанып, облыста аудан намысын абыроймен қорғап жүрген жайы бар. Мектеп кітапханасымен тығыз байланыста «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қараша айында «Мен оқыған бір

«Өзін-өзі басқару ұйымы» ұйымының бастамасымен мектепішілік «Шоқан айнасы» газеті шығарылады. Мектебімізде 2017 жылы ашылған «Аманжол Найманбайұлы атындағы тарихи-өлкетану мұражайы» оқушылар мен мұғалімдер, мектеп қонақтары үшін қызмет етуде. Мұражай ішіндегі құнды жәдігерлер оқушыларымыздың зерттеу жұмыстары жүргізіп, ғылыми бағытта ізденуіне себеп болып отыр. Сәуір айында елімізге белгілі абайтанушы-ғалым, жерлесіміз Жабал Шойынбетпен мектеп ұжымының кездесуі өткізілді. Бүкіл өмірін ұлы Абайды зерттеуге арнаған ғалымның өзіміздің мектебімізден шығуы да біз үшін үлкен мақтаныш. Жалпы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие саласында атқарып жатқан жұмыстары мен жаңалықтары мектептің «Фейсбук», «Инстаграм» әлеуметтік желілерінде үнемі көпшілікке жарияланып отырады.

Ұлттық құндылықтардан нәр алған, туған жерін, Отанын сүйетін, жан-жақты сауатты тұлға тәрбиелеу мектеп ұжымының басты мақсаты. Осы мақсатқа жету жолында алдағы уақытта да тәрбие бағыты бойынша жұмыстар жалғасын таба беретін болады.

**Жұматай ДІНТАЙ,
Шоқан Уалиханов мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.**



ерекше.

Шоқан Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінде 300-ге жуық оқушымен тәрбиенің сегіз бағыты бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Оқу жылының басында жасалған жылдық жоспарға сәйкес тәрбие саласы бойынша көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып келе жатыр. Қолөнер,

кітап» сайысы, желтоқсан айында «Мақал сөз – жан-ның сәулесі» әдеби-танымдық кеші, қаңтар айында «Туған жер – алтын бесігім» сыныптан тыс шарасы, ақпан айында Мұқағали Мұқатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі – бір әлем» әдеби-сазды кеш, «Кітап сыйла» акциясы т.б. көптеген іс-шаралар өткізілді. Мектептің



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің кезекті есеп беру жиыны Қыземшек кенті мен Жуантөбе ауыл округінде жалғасты. Жиын барысында аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жоспарларымен бөлісті. Өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айтып өтті. Тұрғындар өтініш-пікірлерін айтып, әр сала бойынша ұсыныстарын жеткізді. Аудан басшысы көтерілген мәселе-

ҚЫЗЕМШЕК КЕНТІ МЕН ЖУАНТӨБЕ АУЫЛЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

лерді орындау үшін жауапты мекеме, бөлім басшыларына арнайы тапсырмалар жүктеді.

Аталған жиын Жуантөбе ауыл округінде жалғасты.

Бүгін міне сіздердің мұң-мұқтаждарыңызды тыңдап, шешу жолын қарастыру үшін келіп отырмыз. Тек мұндағы емес, жалпы аудан бойынша жасалу керек мәселелер маған етене таныс. Сіздермен бұған дейін де бірнеше мәрте кездесіп, ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, қажетті жұмыстарды атқардық. Әрине, биылғы жылға да жоспарларымыз бар. Ауылдық мәдениет үйі ғимараты мен жылу қазандығына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті қаржысы қаралды. Бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу үшін құжаттар әзірленуде. Сонымен қатар, Жуантөбе ауылдық емханасынан тұрғындардан анализ алатын лаборатория ашу үшін зертханалық аппараттар алынды. Ендігі кезекте арнайы маман тесттен өтіп, сертификат алған жағдайда анализ қабылдау жұмыстары жүргізілетін болады, - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиын соңында тұрғындарды жеке мәселесі бойынша қабылдап, бірқатарын дер кезінде шешіп берсе, біршамасын назарға алынғанын айтып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

Есептік жиындарға аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, бөлім, мекеме басшылары мен бірқатар сала мамандары қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды халықпен кездесудегі басты мақсатымыз ұсыныстарыңызды тыңдап, атқарылар жұмыстарды бірге пысықтап алу екенін айтты.

Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке қалай алуға болады және мемлекеттен қайтарылатын субсидиясы

Қазақстандық нарықта лизинг қызметі дами түсті. Бүгінгі таңда елімізде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын несиелендірудің осы түрі кеңінен тарала бастады. Қазіргі таңда Қазақстанға бүкіл ауыл шаруашылығы машиналарының жартысынан көбі «ҚазАгроҚаржы» компаниясының қаржылай қолдауының арқасында әкелінген. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен табысты растау, кепілмен қамтамасыз етуді ұсыну және барынша қысқа мерзімде қосымша комиссиялар төлеу талап етілмейді. Сонымен қатар, клиентке қаржылық есепті көрсету қажет емес. Тіпті, бизнес-жоспар, банктер мен салықтар алдындағы берешек анықтама да қажет етілмейді. Қаржыландырудың ең ұзақ мерзімі -10 жыл. алғашқы төлем 20% құрайды. Шаруада алғашқы төлем қаржысы болмаған жағдайда мемлекеттен қайтарылатын 25% пайыз субсидия көлемін алғашқы жарна ретінде қолдануға мүмкіндік қарастырылған. Бағдарлама шеңберінде сондай-ақ 10% мөлшеріндегі сыйақы ставкасын субсидиялау және инвестициялық субсидиялар алу жолымен техниканы сатып алуға арналған шығыстардың бір бөлігін өтеу түрінде мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады.

«ҚазАгроҚаржының» барлық бағдарламалары Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында техникаларды ұсынуды жеделдетуге бағытталған. Айта кету керек, шаруа қандай да бір арнайы машинаны алуға өтінім бере отырып, одан бас тарта алады. Мысалы, техника бірліктерінің саны фермердің жер учаскесінде жұмыс істеу үшін нақты қажеттіліктерге сәйкес келуі тиіс. Өндірушілер арасында техниканы ұтымды бөлу компанияның маңызды міндеті болып табылады.

Шаруалар үшін тағы бір шарт ұтымды болып отыр. Шаруа астық жинағаннан кейін негізгі қарыз бойынша міндеттемелерді жы-

лына бір рет өтей алады. Ал сыйақыны тоқсан сайын төлей алады. Сонымен қатар, төлемдер бойынша жеңілдік кезеңін алу мүмкіндігі беріледі. Ең бастысы, техниканы лизингке фермерлер келешекте сатып алу арқылы алады. Бұл агроөнеркәсіп саласында кәсібін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін тұрақты да, пайдалы құрал болмақ. Лизингке ауыл шаруашылығы техникаларын алғыларыңыз келсе бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріңіз болуы шарт және шаруа қожалық пен жеке кәсіпкер ретінде жердің иесі болуыңыз міндетті.

«Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 тамыздағы № 243 бұйрығына сәйкес, ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке немесе өз қаржысы есебінен сатып алған аргоқұрылымға мемлекеттен қайтарылатын субсидия көлемі - 25 пайызды құрайды.

Ағымдағы жылдың 3 айында, ауданымызға жаңадан 3 ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары 46,6 млн.тг аргоқұрлымдардың өз қаржылары есебінен және «ҚазАгроФинанс» АҚ арқылы сатылып алынды.

Жаңадан ауыл шаруашылығы техникаларын алғыларыңыз келсе, жәнеде түсінбеген сұрақтарыңыз болса ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Аманжол Шоқан (тел-8-701-086-93-93) сұрақтарыңызға жауап беруге дайын.

Аудан әкімінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.



ШУ, ТАСТЫ АУЫЛ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРІН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды Шу, Тасты ауыл округі тұрғындарымен кездесті. Аталған округтерде ағымдағы жылы атқарылар жұмыстар легіне тоқталып өтті. Тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселенің маңыздылығы ескеріліп, сол бойынша тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын айтты. Шу ауыл округінде мал өлекселерін тастайтын «Беккери» шұңқырын, Тасты ауыл округінен 75 орындық мәдениет

үйін салу мәселесі бойынша бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтты.

Кездесу соңында тұрғындар көкейлерінде жүрген ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Көтерілген әрбір мәселеге тиісті сала мамандары жауап беріп, бірқатарын орындау мақсатында назарға алғанын жеткізді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Айлардың сұлтаны болған Рамазанның соңынан келген күллі мұсылман жұртшылығы үшін қасиетті мереке ораза айты күні аудан жұртшылығы, оның ішінде Созақ спортының жанкүйерлері үшін тағы бір қайырлы жаңалық болды. Аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының атын иленіп отырған жалпы орта мектептің бастауыш сыныптар оқитын оқу корпусының жертелесінен 1 теннис және 1 гимнастика залы ашылды. Еліміздің болашағы балаларымыз десек, сол балалардың тәні мен жансаулығы үшін орташа



ұрпақ (өлгеннен соң арқасынан садақа жасап, дұға қылатын) қалдырса!». Тағы бір хадисінде артында қалған ізгі ұрпақтарының игі ісі себепті (жаттаған құраны, берген садақасы мен жасаған дұғасы) жәннатта дәрежесі көтерілетіні жөнінде айтылған. Екіншіден, соңғы уақыттар көптеген кәсіпкер азаматтар өздері оқыған немесе ата-аналары қызмет істеген мектептердің кабинеттерін шефтікке алып, бар керек-жарағымен жасақтап, әке-шешелерінің атын беріп, түрлі ізгі іс-шараларға мұрындық болуын көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүргей. Ең бастысы ниетіңіз,

жақындары мен сыйлас-дос-жарандары және БАҚ өкілдері келіп қатысты. Ержан Әбілпаттаев пен Бибол Әшірбековтың демеушілігімен орташа күрделі жөндеуден өтіп, қажетті жабдықтарымен толықтай жабдықталған шағын гимнастика және теннис залдарының лентасын қию құрметіне ардагер ұстаздар, созақтың саңлақ спортшылары: Талымов Жолдасбек пен Орынов Білісбай және Ниязәлі Дүйсенбек пен Гүлсара Әлімбаевағар лайық болды. Мұнан соң мектеп директоры Шаймерденов Талғат Атажанұлы салтанатты жиынға жымылған жұртпен

Балалардың тән саулығы үшін қаржы салды да аталарының батасын алды



күрделі жөндеуден өтіп, оқушылар игілігіне берілген екі бірдей шағын спорт залы басқа емес, нақ осы мектептен білім мен тәрбие алып шыққан кәсіпкер азаматтардың демеушілігімен жүзеге асты. Жалпы, кез-келген игі істің ізгі ниеттен басталатыны бар ғой. Сол секілді бұл істің де басталу тарихы бар. «Жақсы істің басына жақсы келер қасына» деп, бұл қайырлы іске де себеп болған, мақұл көріп жүзеге асырған арда азаматтар бар. Ендігі жерде әңгімемізді сол ізгі ниетке себеп болған, жүзеге асырған жандар жайлы жазғым келіп отыр. Сонан соң барып, оқушы ұл-қыздарымыздың игілігіне берілген шағын спорт залдардың ашылуы жайында да әңгіме өрбітерміз. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектептің директоры, білімді ұстаз әрі білікті басшы Шаймерденов Талғат Атажанұлы бастамашы болған бұл іске мектепте денешынықтыру пән бірлестігінің жетекшісі болып жұмыс жасайтын Торғаев Болат Ибраһимұлы деген жігіт те себепші болды. Егер нақтырақ айтар болсам, осыдан бір-бір жарым ай бұрын Болат Ибраһимұлы өзінің сыныптасы Әшірбеков Бибол Айдарұлы мен замандасы Әбілпаттаев Ержан Бақытұлына жолығып, өздері түлегі болып табылатын мектепке демеушілік жасауға ұсыныс жасап, көндірген еді. Сондай-ақ, екі жақты келісімнің нәтижесімен мектеп басшысы Шаймерденов Талғат Атажанұлымен бөліскенде ол кісі де өзі басқарып отырған білім ошағында оқитын бүлдіршіндердің игілігі үшін істелінетін ізгі іске қуана кетті. Тіпті, шәкірттері болып табылатын қос кәсіпкер азаматты шақыртып алып, қайырлы іс жөнінде кеңесіп те алды. Нәтижесінде, бірі Алматыда, бірі ауылда кәсіпкерлікпен айналысып жүрген қос азамат ара суытпай, жертелдегі жұмыстарына кірісіп те кеткен еді. Осы арада әрі бұрыннан сәлемі дұрыс сыйлас інім әрі мен қызмет істейтін аудандық «Созақ үні» газетінің директоры Әбілпат-

ой қосып та жүрдік. Бірде Ержан інім: «Данияр аға! Мені, отбасымды бұрыннан танисыз. Әкем рахметтік өмірден ерте озды. Деген, өзі оқытып, тәрбие берген ұл-қыздарының қызығын көретін жаста айналдырған ауруы өліміне ұласып, о дүниелік болды. Көп ойландым, мектеп әкімшілігіне айтып, осы өзімнің демеушілігімен жөндеуден өтіп, пайдалануға берілгелі отырған шағын спорт залына әкемнің атын берулерін өтінсем, ол кісілер қалай қабылдар екен. Сосын, осы бір игі істің сауабын әкемнің рухына бағыштасам, сауабы тиер ма екен. Білмеймін, әйтеуір өзімді үнемі әкемнің алдында қарыздар секілді сезінемін де тұрамын. Иә, ата-ананың хақысынан оларды Меккеге мың апарып келсек те құтылмасамызды білемін. Дегенмен, теңізге тамған тамшыдай осындай қоғам игілігі үшін жасар ізгі істерімен сауап тиерін білсем, қалған өмірімде әкемнің атынан көп қайырлы істер істесем деген ниетім бар!»



ісің де қоғам үшін игілі болсын! Өзгелер көріп-естіп үлгі аларлықтай, досың сүйініп, дұшпаның күйінетіндей болсын. Қалғанының бәрі бекер жауап бердім. Сөйткен, шағын спорт залдар араға ай салып, ел, мектеп игілігіне берілуге әзір болды. Айлардың сұлтаны Рамазан айттың алғашқы және күндердің сұлтаны Жұма күні

амандасып алды да келген меймандарды көпшілікке таныстырды. Әуелі өзі сөз сөйлеп, артынша келген меймандарға кезегіменен сөз берді. Меймандардың барлығы да мектептің, ұстаздар мен оқушылардың ортақ қуанышына ортақтасып, қос кәсіпкерге алғыстарын айтып, жиылған көппен естелік әңгімелерімен бөлісті. Мектеп ұжымының атынан демеуші азаматтарға арнайы тон жабылып, бөрік кигізілді. Мектеп директоры қос кәсіпкердің өз шәкірттері екені мақтаншыппен айтып, ризашылығын білдірді және отбасыларына, кәсіптері мен нәсіптеріне көптің атынан береке-табыс тіледі. Сондай-ақ, мектеп әкімшілігі мен қос кәсіпкердің ортақ келісімімен гимнастика залына Ержанның әкесі Әбілпаттаев Бақытжан Әбілда ұлының, ал, теннис залына Биболдың атасы Әшірбеков Әкен қарияның есімдері берілгенін мәлімдеді. Шара барысында жоғарғы сынып оқушылары мен ардагер ұстаздар теннис ойнап, саңлақ спортшылар жасөспірім ізбасарларына мастер класс көрсетті. Ал, гимнастика залында бастауыш сынып оқушылары түрлі жаттығулар жасап, флешмоб жасады. Жиылған көп оқушылардың өнеріне қол соғып, бата-тілектерін берді. Артынша, Ержан Әбілпаттаев салтанатты шараға арнайы келген меймандар мен мектеп ұжымын үйіне, сауабын әкесінің рухына бағыштаған асқа шақырды. Қос кәсіпкердің демеушілігіне дән риза болған жұрт, Ержан мен анасы және бауырлары жайған дастарханнан дәм татты. Құран оқылып, өткендер үшін дұға жасалды.



таев Ержанның менімен де кеңескені бар еді. Бәлкім, көптен имандылық жолда жүргенімді, сыйластығымды ескерді ма екен, әйтеуір осындай ізгі ниеті барын айтып, осы іс жайлы ойымды сұрады. Тіпті, бірнеше рет орташа күрделі жөндеуден өтіп жатқан жертелдегі жұмыс басына да бірнеше рет барғанымыз бар. Әр барғанымызда алдымыздан мектеп директоры Талғат Атажанұлы ағамыз, шаруашылық жөніндегі орынбасары Амангелді Бабиев пен денешынықтыру пәні бірлестігінің жетекшісі, ізгі идеяның авторы Болат інім шығып, атқарылып жатқан іс жайлы ақылдасып,

деп ішкі ойымен бөліскен еді. Мен: «Ержан біріншіден, Алла ниетіңді қабыл етсін! Жалпы, Ардақты Пайғамбарымыздан сауапты істер жөнінде сақабалар тарапынан көп сұралған екен. Сондай сауалдардың бірнешеуіне былай деп жауап берген екен: «Үш түрлі амалдың сауабы кісінің артынан өмірден өткеннен соң да үздіксіз барып тұрады. Олар: 1. Садақа жария (мешіт-мдресе, мектеп пенен аурухана, көпір менен жол секілді т.б) жасау. 2. Ғалымның хаты (ғалым адам кітап жазып, қоғамның игілігіне қызметі өтсе, оқыған адамдар тура жол тауып жатса). 3. Ізгі



лентасы кесіліп, аталардың батасын алды. Нақтырақ айтсам, сол ораза айттың алғашқы күні сағат 12 де екі бірдей шағын спорт залдың ашылу салтанатына арнайы шақырылған ардагер ұстаздар мен арнайы қонақтардың қатысуымен балалардың игілігіне берілді. Салтанатты шараға ардагер ұстаздар: Талымов Жолдасбек, Орынов Білісбай, Азимов Мұрат, Сармантаев Жетілген, Ниязәлі Дүйсенбек ағайлар, аудандық Білім бөлімінен Әділет Амангелдиев, мектеп директорлары Төлепберген Бекқұлиев, Гүлсара Әлімбаева, Әуесхан Сағындық пен қос кәсіпкердің

Данияр БЕК.

Аяғындағы ұзын қонышты қырым етігі, жан-жағына қарағанының өзі ерекше. Әттең, қартайғандығы болмаса, бойының тіктігі жан-жақты келіп тұр. Нағыз чекист-милиционер болатын адамға ұқсайды,-дегенде оған Мұбарак:-Жай сөйлеңіз, ол сіздің құдаңыз,-деді. Садубай ағамыздың қызы Күнімкүл осы кісінің келіні. Осы көктемде Түркістан қаласынан көшіп келген. Жас шамасы сізден екі-үш жас үлкен болса керек. Қатты науқастанып, еңбекке жарамсыз боп қалған,-дейді. Сіздің бажаңыз, кіші серждант Тұрар Түсіпбеков Түркістан қаласында ішкі істер тергеу бөлімінде 1951 жылы осы кісінің адютанты болған екен. Сіз айтқандай нағыз милиционердің өзі» дейді Мұбарак, Жартытөбе ауылы, 1971 жыл.

Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданы

формасын киген жігіт дік етіп секіріп түсті де, қаққан қазықтай тіп-тіке тұрып қалды. Үстінің шаңын қағып-қағып, беліндегі жалпақ белдігін арлы-берлі қозғап, гимнастеркасының төменгі жағын айнала тартып-тартып, тік тұрған талдырмаш жігіт, үстіндегі формасы қылып қойғандай сондай сымбатты жарасымды болып, тұрған бір мүсіндей көрінді. Бұл бастықтың күйеу баласы Аққұлиев Мәуленқұл еді. Жүргізуші жігіт Тұрсынбай автокөлікті айналып келіп, кабинаның есігін ашты. Сол кезде есігінен басына қыжым ормал таққан, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, реңді келген бойжеткен түсті. Ол бастықтың қызы Аққұлиева Шәйі Әуезқызы, онан соң ішінен алып денелі кісі жайлап қозғалып, түсе бастады. Түсіп болып, еңсесін көтеріп, тік тұрған кез-

десе артық болмас. Менің әкем ұзын бойлы, сұңғақ келген, тіп-тік жүретін, өте келбетті кісі еді. Әжеміз Аққағаз он екі құрсақ көтерген. Ол кезде қызылшаның емі толық шешілмеген кез. Сол індеттен жалғыз әкеміз аман қалған. Оны аялап, бетін қақпай өсірген. Біздің отбасымыз ауқатты, дәулетті болатын. Көкем Ташкенттегі милицияның жоғарғы мектебін бітіріп келіп, Түркістан қаласындағы ішкі істер бөлімінде қызмет жасады. Сол жерде өсті, өзін шыңдады. Бөлім басшысы (следователь), аға тергеуші болып қызмет атқарды. Әлі көз алдымда: әкем формасын киіп, аяғында қырым етігі, белбеу ремені, артына пистолетін қабына салып, кетіп бара жатқандағы сән-салтанатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жұмыстан бос уақыттағы орыс

асықты кесеге салып, үрлететін. Бетіне күл жабысып, біздер соған қарап, қыран-топан күлкіге батамынбыз. Одан қалса, үлкен қалың дәптерге қиссаларды, батырлар жырын, «Қыз Жібекті» көшіріп алып, қолмен жазып алып, бізді айналдыра отырғызып, көкем мен апама кезек-кезек мәнерлеп, өлеңдетіп, оқып беретін. Көкем үй шаруасына да жақсы қарайтын. Есік алдына жайқалтып, сақша дақылдарын егетін. Жүзім басып, пісіп тұратын. Жанжымыз үлкен болды. Аққұлы атам, Аққағаз апа да бар. Айтайын дегенім, айналайын қасиетті апама бәрімізге тандыр нан, таба нан, бауырсақ, қаттама, қытырлақ нан пісіріп қоятын. Көшеден, дүкеннен нан сатып әкелгенді намыс көретін. Әкем бір бет, қайсар, әділ, адал, уәденің адамы еді. Өзі заң саласында жұмыс жасағаннан ба,

Танымал азамат еді

ны Қаракөл совхозында ұзақ жылдар директорлық қызмет атқарған Үштөбелік **Абибулла Асылбековтің айтқан естелігі:** жақсыдан жақсы туар жарқылдаған... 1953 жылы Алматыдағы мал дәрігерлік институтын тәмамдап келген соң, Қызылқұм (Қазіргі Отырар) ауданы Шәуілдір ауылында мал дәрігері болып жұмысқа орналасқанмын. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде Отырар колхозының жылқы ауылына бардым. Жылқышы Камал Төлембетов болатын. Ол кезде жылқыдан қан дайындайтынбыз. Қызметкерлердің мініс көлігі ат болатын. Жылқышы үйіне таянғанымда байқағаным, үйдің ай-

де: Менің ойыма 1947 жылы Созақ ауданы Жартытөбе, Үштөбе, Бірінші май колхоздарында ойын қойып жүрген күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовты көргенім есіме түсті. Онан соң мұндай алып кісі көрген емеспін. Сырт көрінісі, бойы, салмағы да жобалас сияқты. Бұл Отырар колхозының бастығы Әйменов Әуез еді. Жылқышы Камал Төлембетовтің күткен қонақтары да келді. Мен қонақтарға жақындап, амандастым. Ат жақты, қыр мұрынды, аққұба, реңді келген милиционер кісімен сәлемдесіп, ары-бері жүргенімізде менен бойшаң адымдаған қадамының нық басқанын байқадым. Оның Жарты-

тігіншілеріне арнайы тапсырыспен ақ китель, ақ жібек көйлек, қыры пышақтай шалбар, аяғында тапсырыспен тігілген туфли, басында ақ шляпасы, кейде қою қара шашын шалқасынан тарап, ақ маңдайын айқындап, өте жарасымды болып келе жатқанда еріксіз көшедегі адамдар бұрылып қарайтын еді. Шәуілдірде ішкі істер бөлімін басқарды. Аймақтық құқық қорғаушы болып қызмет атқарды. Менің әкем өте жан-жақты болатын. Яғни, сегіз қырлы, бір сырлы еді. Ол кезде екінші бірінде бола бермейтін фотоаппараты бар-тын. Түсірген суреттері әлі күнге дейін үйде сақтаулы тұр. Ол әуесқойлық

әлде жаратылысы сондай ма, қалай болғанда да бізді табандылыққа, адалдыққа, өтірік сөз айтпауға, өтірік көлгірсуге жол бермей, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге, еңбекқорлыққа, төзімділікке үйретті. Әрқайсымыздың білім алуымызға қатты мән берді. Алғашқы болып Сәрсенбай ағам Сарыағаштағы Қаптанбек малдәрігерлік мамандығын алып, жолдамамен Целиноградқа жұмысқа кетті. Сол жақтан қазіргі Астананың аруы Гүлбаршын жеңемізді келін қылып алып келді. Мен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар Педагогикалық институтының химия-биология факультетінің студенті болдым. Төлеген алғаш рет Алматыдағы Асфендияров атындағы мединститутқа тапсырып, баллы жетпей, келесі жылы В.И.Ленин атындағы қазақ-политехникалық институттың мұнай-газ факультетіне түсті. Оқып жүргенде әскерге шақыртылып, сол күйінде оқуын қайта барып, жалғастырмады. Сөйтсем, Алла оған осы Күнімкүлді бұйыртып тұрған екен. Аллаға сансыз шүкір. Қазір өсіп, өніп бақытты ғұмыр кешіп, абыройлы отбасы болып отыр. Содан қыздардың бәрін оқытты. Базаркүл жоғары санатты ұстаз Қазақстан оқу министрінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Ұзақ жылдар «Жұлдызша» балабақшасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Әкемнің ерекше тағы бір қасиеті қыздарын ешқашан көпсінген емес. Қайта әрқайсысының қасиеттерін ерекше құрметтеп, жақсы көретін. Айналып, толғанған сөздерін айтпай-ақ әкеміздің мейірімді жүзін көзінен танытынбыз. Көкемді көшегі өткен ардақты аталарымыз, көкелеріміз орталап Түркістанға келіп, бізге басшы бол, ортамызда бол, -деп Келдібек ата, Бақберді ата, Ақтай көке, Оспанбай көке, Бүркіт аға, Орал ағалар қолқалап шақырады".

Нар тұлғалы ердің ері әйгілі МКГБ ның қызметкері Мәуленқұл Аққұлиевтің көпке жасаған еңбектері ел есінде. Қалдырған ізі мәңгілік, ұл-қыздарының жадында тұрар жаңғырып.

Айналырған ауру алмай қоймады. Аққұлиев Мәуленқұл алтыншы қазан 1989 жылы 67 жасында қайтыс болды. Рухы таза, тұғыры биік тұлға, Жартытөбенің төл перзенті Мәуленқұл Аққұлиевтің есімі ел есінде. Оның жарқын бейнесі, жасаған қызметтері ұмытылмақ емес.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.**



наласы мұнтаздай таза, анадайда ошақта қазанның буы бұрқырап, жанында сары самауыр екі иығынан демалып, қайнап тұр. Шамасы құрметті қонақтар күтіп отырған тәрізді. Аттың басын қораға қарай бұрдым. Бұл үй қонақ күтіп отырған сияқты деп, сұрағанымда: «Иә, ауданымызға облыс көлеміне танымал Отырар колхозының бастығы Әйменов Әуезді, қызы Аққұлиева Шәйі Әуезқызын, Түркістаннан жуырда көшіп келген аудандық ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі Әуездің күйеу баласы Аққұлиев Мәуленқұл күтілуде. Осы кезде ұзақтан шаңын бұрқыратып, су жаңа «ЗИС-164» маркалы автокөлік үйге таянбай алыстау келіп тоқтады. Машина үстіндегі милиционер

төбенің тумасы екенін өзім елге көшіп келген соң, сұрастырып, білдім. Сол баяғы 1953 жылы жылқышы ауылында кездескен милиционер Аққұлиев Мәуленқұл екен. Тағдырға не шара бар. Сұхбаттасып, тілдесе алмадым. Ол кісінің ұлдары Сәрсенбай, Төлеген Аққұлиевтер екенін кейін білдім.-дейді ауыл қариясы **Абибулла Асылбеков. Жартытөбе ауылы, 1996 жыл.**

«Менің әкем осындай адам болған» дейді жоғарғы санаттағы ұстаз, оқу ағарту ісінің үздігі, мұғалима **Аманкүл Мәуленқұлқызы Аққұлиева.** Несімен ерекшеленеді? Ұрпағына қалай қамқор болды? Деген сұрақтарға жауабы өте көп және таусылмайтын дастан

қасиеті ұлы Төлегенге дарыған. Кішкене, өте әдемі, қызыл патефоны бар болатын. Түрлі пластинкадан әдемі әндерді қойып, үйді әнге бөлейтін. Одан музыкалық аспаптарда домбыра, мандол, баянда ойнайтын. Домбыра, мандолда ойнағанда бізді отырғызып қойып, кезек-кезек құлағын тістетіп, күмбірілеген әуезді құлағымыздан, жүрегімізге жеткізетін. Осы қасиеті ағам Сәрсенбай мен Төлегенге берілген. Бүгінгі күні қара шаңырақта отырған немересі Абайға қонған, дарыған. Шіркін, балалық шақтың шуақты күндерінде кешке көкем мен апама бас болып, Сәрсенбай, Төлеген, қыздар болып, бәріміз хан алшы, асық ойнайтынбыз. Ерінбей, ұтылғанымызға күлге көмілген хан

